

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Отандық өнімдерді қайтсек көбейтеміз?

Елбасы биылғы Жолдауында отандық кәсіпкерлікті жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші деп бағалап, оны дамытуға ерекше күш салу қажеттігін баса айтты.

Президент тапсырмасымен отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктері жетілдіріліп, соның нәтижесінде жергілікті кәсіпкерлер мемлекеттік қолдауларға ие болуда. Мұны біз еліміздегі шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған «Жұмыспен қамту-2020», «Бизнестің жол картасы-2020» секілді бағдарламалардың жүзеге асырылу барысынан көріп отырмыз.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметі бойынша, өңіріміздегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі айтарлықтай өскен, соңғы үш жыл ішінде оның көлемі 1,6 есеге артыпты. Биылғы қаңтар айында Орал өңіріндегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі 149,3 млрд. теңгені құраған, оның ішінде тамақ өндірісі 10,6 пайызға өсіпті. Бұл көңіл қуантарлық көрсеткіш. Бірақ, Оралдағы базарлар мен дүкен сөрелеріндегі тамақ және киім-кешектердің «төркіндеріне» қарап, кейде ұнжырғамыздың түсіп кететіні рас. Неге десеңіз, мұндағы тауарлардың басым бөлігі алыс-жақын шетелдердің үлесіне тиеді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін қаладағы азық-түлік дүкендері мен базарлардағы тауар түрлеріне сараптама жасап көрейік.

Осы мақсатта біз, ең алдымен қаланың бірнеше азық-түлік дүкендері мен орталық базарға бас сұқтық. Сондағы байқағанымыз, сөрелерде ылғи Ресей, Беларусь, Украина елдерінің өнімдері. Дүкендер мен базарларда сатылып жатқан кәмпиттің басым көпшілігі Украинаға тиесілі. Сөрелерден сапасы жөнінен шетелдік кәмпиттерден асып түспесе, кем түспейтін «Рахат» және «Баян сұлу» кондитер фабрикаларының өнімдерін де көруге болады, бірақ олардың түрі аз. Ал жергілікті «Шаныбек» кондитер фабрикасының өнімдері сирек кездеседі. Сатушылардың айтуынша, дүкен қожайындарын «Лимон», «Апельсин», «Школьник» секілді арзанқол әрі сәнсіз кәмпитті өндіруден әрі аса алмай отырған жергілікті фабрика өнімдері онша қызықтырмай отырған секілді. Тұтынушы

ретінде олардың сапасын нашар деп айта алмаймыз, бірақ жергілікті кәмпиттердің сыртқы түрі тым жұтаң екені рас. Кондитер қожайыны өнімнің сапасына басымдық беріп, оның орамын сәндеуді есінен мүлдем шығарып алған сыңайлы. Талғамы жоғары тұтынушы бүгінде тәттілігіне орамы сәйкес келетін кәмпитті таңдайды. Себебі, әдемі орамдармен қапталған түрлі пішіндегі кәмпиттер дастарқанның сәнін келтіреді. Ал отандық печенье өнімдеріне келсек, оларға әзірге реніш жоқ. Базарда да, дүкенде де отандық, оның ішінде жергілікті «Попков» ЖК, «Свит», «Лебедь» ЖШС даярлаған печеньең түрі көп және олар халыққа қолжетімді бағамен ұсынылуда.

Сөрелердегі сүт өнімдері әртүрлі, олар еліміздің түкпір-түкпірінен келеді. Олардың арасында Ресей мен Қырғызстанның агрофирмаларының өнімдерін де кездестіруге болады. Бұлардың бәрінің бағасы бірқалыпты, 150-250 теңге аралығында. Жұрт олардың сапасы мен бағасына қарап өздері таңдау жасауда. Яғни әр елден келген сүт өнімдерінің өз тұтынушысы бар. Айта кететін бір жәйт, жергілікті «Береке өнімдері» және «Жастық» ЖШСнің сүттеріне тұрғындар онша қызығушылық танытпайды. Тұтынушылардың айтуынша, өзге аймақтан әкелінетін сүттерден едәуір арзан болғанымен, жергілікті сүт өнімдері шайға дұрыс түспейді және тез ашып кетеді. Оның үстіне орамалары да пайдалануға ыңғайсыз. Ресейдің Самара, Саратов облысынан келген сарымайлар енді біраздан соң «Береке өнімдері» ЖШС-ның сарымайын сөрелерден ығыстыратын шамасы бар. Себебі, бағалары шамалас болғанымен, олар жергілікті майдан гөрі сауда нүктелерінде кеңінен таратылуда.

Жергілікті «Ақас» және «Каркула» ЖШС даярлайтын қаймақ пен сүзбелердің де жағдайы осыған ұқсас. Аталған серіктестіктердің қаймағы мен сүзбесі қоспасыз, табиғи өнім болғандықтан, бұған сұраныс жоғары. Әрі олардың бағасы да арзан. Мысалы, «Ақас» ЖШС қаймағының келісін 700 теңгеден, сүзбесін 325 теңгеден сатады. Ал, «Каркула» ЖШС-ның қаймағы «Ақас» ЖШС-мен шамалас болғанымен, сүзбесі одан екі есе қымбат – 600 теңге. Бірақ, жұрт оның бағасына қарап жатқан жоқ, табиғи тазалығына қызығып, жергілікті өнімдерді таласа сатып алуда. Өкінішке орай, аталған серіктестік өнімдері қаланың сауда нүктелерінде сирек кездеседі, нақтырақ айтсақ, оларды тек өздерінің дүкендерінен ғана табуға болады. Жергілікті кәсіпкерлер сүзбелері мен қаймақтарын өз дүкендеріне де күн сайын шығармайды. Анда-санда сатылатын қаймақ пен сүзбені тұтынушылар зарыға күтіп жүреді. Сүт өнімдерімен айналысатын аталған серіктестіктер және басқа да облыс көлеміндегі шаруа қожалықтары табиғи сүзбені дүкендерге көптеп шығарса, қыруар пайдаға батар еді. Өйткені, базардағы жекелердің де, тасымал сүзбелердің де бағасы қымбат.

Бүгінгі заманның сауатты тұтынушылары Ресейдің шие, құлпынай және ванилин қосылған дәмді сүзбесінің құрамында консерванттар бар екенін біледі. Бірақ, жергілікті өнімдерге қолдары жетпеген соң, тұрғындар амалсыз тасымал тауарларды пайдалануда. Ресейліктердің тәтті сүзбелерінің келісі 600- 700 теңгеден. Бастапқыда Ресей сүзбелері қазіргіден едәуір арзан болатын. Кейін олар сүзбелерінің құнын қазақстандық сүзбенің хақымен бірдей етіп қойды. Сол секілді, әуелде сауда нүктелерінде 300-350 теңгеден сатылған ресейлік түшпаралардың бағасы да бүгінде қазақстандық түшпаралармен бірдей – 550-600 теңге. Соған қарағанда, шетелдік тауарлар біздің елімізге тұтынушылар тілімен айтқанда, «су тегін» келетін секілді. Бірақ, оларды көтере сатып алатын жергілікті кәсіпкерлер шетелдік тауар бағасын жергілікті өнім хақымен бірдей етіп қояды. Делдалдар халықтың әлеуметтік жағдайы дегенді ойламайды, олар тек өз қалтасының қалындағанын қалайды. Осы себептен де елімізде тауарды көтере сатып алып, оны сауда нүктелеріне таратушылар өз елімізде өндірілетін қымбат өнімдерден гөрі бұдан көп арзан көрші елдердің өніміне аса ықыласты. Егер жан-жақтан келіп жатқан қолжетімді тауарларды салық органдарында тіркелмеген кез келген адамның алып, оны еліміздің әр түкпірінде қайта сатып, оның таралымына үлкен үлес қосып жатқанын ескерсек, қазақстандықтардың кімнің қоржынын толтырып жүргені белгілі болып қалады.

Соңғы кездері дүкен сөрелерінде арзанқол ет пен тартылған ет өнімі пайда бола бастады. Ресейлік және украиндық ет өнімдерінің келісі 550-600 теңгеден болғандықтан, тұрғындар олардың қай елден келгеніне қарамастан, талап алады. Ал базардағы жергілікті ет өнімдерінің бағасы 1000-1500 теңге аралығында. Сол себепті, жұрт екі есе арзан етке ұмтылады. Бұған қарап, Оралдың халқы тағам талғамайды екен деп ойлауға болмайды. Тұрғындардың жергілікті ет өнімдеріне ықыласы күшті. Себебі, өз етіміз шеттен әкелінген еттен әлдеқайда дәмді әрі қауіпсіз. Сондықтан да, базарларда еттің бағасы қаншама қымбат болса да, өтімді. Жергілікті халық «Ибрагим», «Мясо Дел» ЖШС мен «Дариян» ет комбинатынан шыққан дәмді шұжық түрлерін өзге аймақтың өнімдеріне айырбастамайды. «Кублей» ЖШС-ның ет консервілерінің сапасына да жұрт риза. Сондай-ақ, Оралда астық өнімдері арзан. Өз өнімдерін еліміздің түкпір-түкпірінде кеңінен таратып отырған «Желаев» АҚ пен «Даяна» ШҚ Ақжайық өңірінің тұрғындарын дәмді әрі сапалы астық өнімдерімен толық қамтамасыз етуде. Жоғары сұрыпты ұнның 1 келісі 90-110 теңге аралығында болса, италиялық технологиямен дайындалған түрлі пішіндегі рожки, вермишель, спагеттилердің келісі 130-160 теңгеден сатылуда. Аталған серіктестік өнімдері елімізде үлкен сұранысқа ие.

Көкөніс базарында жеміс-жидектің неше түрлісі жырттылып-айырылады. Бір өкініштісі, олардың барлығы алыс-жақын шетелдің өнімдері. Мысалы, алманы алып қарайық. Тек Ресейдің өзінен «Петр-1», «Чемпион», «Семиринка», «Жигулевка» сортты алмалар келеді. Бұған Әзербайжан мен Польшаның, Беларусь пен Қытайдың алмаларын қосыңыз. Африкадан келетін банандар мен алыстан арбаланған апельсиндер және мандариндер көздің жауын алады. Сондай-ақ, Оралдың базарларында ташкенттік және ресейлік қиярлар мен қызанақтар өзара бәсекеге түсуде. Бір қызығы, екі елдің көкөністерінің бағалары бірдей. Қияр – 400-500 теңгеден, ал қызанақтар 500-550 теңгеден сатылуда. Қаптаған жемістің ішінен қанша іздесек те жергілікті жылыжайлардың өнімдері мен өзіміздің алмабақтың алмаларын іздеп таппадық. Базарымызда Алматының аппорты мен Шымкенттің, тіпті өзіміздің Барбастаудың тәтті алмалары толып тұрса ғой, шіркін?!

Кезінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында мемлекеттің қолдауымен салынған жергілікті жылы жайлар бүгінде өнімдерін халыққа арзан бағамен сата бастауы керек еді. Бірақ, ондай жағдайды өз басым әзірге кездестірген жоқпын. Мүмкін, олар өз өнімдерін делдалдарға арзан бағамен беретін болар, бірақ, ол өнімдер тұтынушыға жетемін дегенше, қымбаттап кетеді. Мемлекеттің қолдауымен іске қосылған «Батыс Күнбағыс» ЖШС өнімдерінің бағасы да басқа аймақтан келген өсімдік майының хақымен бірдей – 250-300 теңге аралығында. Жергілікті жылыжай өнімдері мен өсімдік майы арзан бағамен ұсынылса, шеттен келген қияр, қызанақтың бағасы да төмендеп, жергілікті халық арзан көкөніс жеп, қарқ болып қалар еді... Жергілікті әкімдік осы жағдайды ескеріп, бағаға бақылау қойса, бұл, шын мәнінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпалын тигізеді. Кейде жергілікті әкімдік қызметкерлері базардағы азық-түлік бағасын бағамдауға шыққанда, сол күні саудагерлер сатып тұрған тауарының бағасын күрт түсіріп жібереді. Бұл күні қала халқы бір-бірінен құлақтанып, бақылаушылардың ізін суытпай, азық-түлік қоржындарын толтырып алуға тырысады. Ал, олар кетісімен, азық-түлік бағасы қайтадан көтеріліп кетеді. Осыған қарап, егер әкімдік тарапынан үнемі бақылауға алынса, азық-түлік бағасы қазіргіден әлдеқайда арзан болатын шығар деп ойлаймыз.

Азық-түлікті былай қойғанда, халық жиі тұтынатын тұрмысқа қажетті сабын, кір жуатын ұнтақ, сусабын, дәретхана қағаздары Ресейден және өзге де шетелдерден тасымалданады. Сондай-ақ, есік-терезе мен еденге қажетті бояулар, түрлі ерітінділер, жуынатын бөлме құралдары, тұсқағаздар мен ыдыс-аяқтарға дейін көрші мемлекеттен әкелінеді. Бұрын Оралдың дүкендерінде қазақстандық «Үркер» косметикасының өнімдері жиі кездесетін, бүгінде олар көрінбейді. Базарларда анда-санда арзан бағалы көкшетаулық жуғыш заттар төбе көрсетіп қояды. Бір кездері оралдық кәсіпкерлер әжетхана қағазын

шығарып көріп еді, оның сапасы шамалы болды. Сол себепті, жергілікті кәсіпкерлер шығарған әжетхана қағазы орыстардыкіндей өтімді болмады...

Ал, енді киім-кешекке келсек, басқа жерді қайдам, біздің Оралдың базарлары мен дүкендерінде қазақстандық тауарлар жоқтың қасында. Мұнда жақсы табыс табатындар Түркия, Жапония, Германия секілді дамыған елдерден келген киімді пайдалануға ұмтылса, қарапайым халықты Қытай мен Қырғызстан киіндіріп отыр. Кәдімгі іш киімнен бастап, шұлық, халат, көйлек, тіпті күздік күрте мен қыстық пальто, аяқ киімге дейін аталған елдердікі. Азын-аулақ еңбекақыға күнелтіп жүрген тұрғындар сапасыз болса да, базардағы арзанқол киімді алуға мәжбүр. Одан қалса, Еуропа елдерінен әкелінген өлшемелі киімдерді киеді. Кеден одағы пайда болғаннан бері қазақстандықтарды киіммен қамтамасыз етушілер қатарына ресейліктер мен украиндықтар және белорустықтар қосылды. Бұлардың киімдері де көпшіліктің көңілінен шығуда. Бүгінгі таңда базарларды былай қойғанда, негізінен қырғыз тауарларын сататын «Арзан» атты дүкендер және «Ивановские трикотажи», «Беларусь тауарлары» мен «Пекин киімдері», сондай-ақ, Түркия мен үнді тауарларын ұсынған сауда нүктелері қаламызда толып тұр. Өкінішке орай, бір кездері Одаққа, қалаберді шетелге танымал болған жергілікті «Диана» (бұрынғы Клара Цеткин атындағы) тігін фабрикасының тауарлары бүгінде көзден бал-бұл ұшты. Сондай-ақ, бір ғасырға жуық тарихы бар «Аяз» ЖШС де әзірге тек байпақтар мен шаруашылыққа арналған қалың күртешелер даярлаудан әрі аса алмай отыр.

Дерек көздеріне сүйенсек, бүгінгі таңда еліміз бойынша тоқыма өнеркәсібінде 500-ге жуық, тігін өнеркәсібінде 900-дің үстінде кәсіпорын тіркелген. Былғары бұйымдары мен аяқ киім өндірісімен айналысатын 100-ден астам кәсіпорын бар екен. Бірақ, еліміздегі осыншама кәсіпорынның өнімдерін Оралдың дүкендері мен базарларынан көре алмадық. Шамасы, еліміздегі жеңіл өнеркәсіппен айналысатын кәсіпорындардың көбісі біздің өңіріміздегі «Аяз» ЖШС мен «Диана», «Надежда» фабрикаларының күйін кешіп отырған болулары керек.

«Атамекен» одағы облыстық филиалының директоры Айнагүл Ақашаеваның айтуынша, жеңіл өнеркәсіп саласының бағын байлап отырған басты нәрсе – кәсіпорындардағы құрал-жабдықтардың ескіруі. Кеңестік дәуірдегі өндіріс ошақтарын жаңа заман талабына сай құрылғылармен жабдықтау үшін көп қаржы керек. Қайсыбір кәсіпорын қожайындарының ауқымды қаражатты несиеге алуға тәуекелі жетпейді. Ал, тәуекелге бел буғандары банктердің талабынан өте алмай, діңкелеп жүр. Сондықтан, еліміздегі көптеген кәсіпорындар тапсырысы тұрақты қызметтік киімдер тігумен шектелуде. Құралжабдығы талапқа сай болмаған соң да қазақстандық кәсіпорындардың тауарлары бәсекеге қабілетті бола алмайды. Екіншіден, осы саладағы білікті мамандардың жетіспеушілігі де еліміздегі жеңіл өнеркәсіптің кенжелеп қалуына себепші болуда. Кәсіпорын жұмысының жандануы заманауи біліммен қаруланған топменеджерге көп байланысты. Айнагүл Мұратқызының айтуынша, қазіргі уақытта «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ» БҚО бөлімшесі арқылы Астанадағы «Назарбаев Университетінде» іскерлік байланыс бағдарламасына тегін оқуға болады. Өңіріміздегі кәсіпкерлер қызметкерлерін аталған оқу орнына жіберіп оқытып алса, жұмыстары жаңаша бағыт алар еді. Өкінішке орай, біздің кәсіпкерлеріміз осы мүмкіндікті тиімді пайдаланбай отыр. Басқа аймақтың кәсіпкерлері қызметкерлерін пайдалы курсқа жиі жіберетін көрінеді, ал біздің облыстан жылына тек 2-3 адам ғана барады екен. Үшіншіден, әділетсіз өтетін мемлекеттік сатып алулар да отандық өнімнің кеңінен таралуына кедергі келтіруде. Кейде тендерді бағасы 10-15 теңгеге кем болған өзге аймақтың бұйымы ұтып алып жатады. Бұл жағдай мемлекеттік сату-сатып алу заңдарының әлі де шикілігін көрсетеді.

«Атамекен» одағының облыстағы өкілінің сөзінше, өңірімізде кәсіпкерлік жеткілікті деңгейде дамымай отыр. Бұған себеп – жергілікті кәсіпкерлерге сапалы ақпарат жетіспейді. Кейбір адамдар қолдарында мол қаражаты бола тұра, немен айналысарын білмей жүреді. Мысалы, біздің жергілікті кәсіпкерлеріміз өңіріміз түгілі, елімізде сирек кездесетін кір жуғыш ұнтақтар мен сусабындарды немесе құрылыс жұмыстарына қажетті

бояуларды шығаратын зауыт ашса, жергілікті әкімдік оларды қолдар еді. Бүгінде еліміздегі кәсіпкерлікті дамыту және оны қолдау заңдарына сәйкес жергілікті билік өкілдері мұндай тың жобаларды қолдап, кәсіпорын салуға инфрақұрылымы бар жер беруді қолға алғалы жатыр. Жергілікті кәсіпкерлердің жаңа өндіріс орындарын ашуға тәуекелі жетпейтіні де рас. Олар өндіріс орнын тек зауыт-фабрика деп көз алдына елестетеді.

Бүкіләлемдік экономикалық форум 1979 жылдан бастап, бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингін шығарып отырады. Аталмыш форумның 2011 жылғы мәліметіне сүйенсек, 2011-2012 жылдардың қорытындысы бойынша бәсекеге қабілеттілігі жөнінен Қазақстан 142 елдің арасында 72-орынға табан тірепті («Нарық және бәсекелестік» журналы. Астана қаласы). Яғни мемлекетіміз қарқынды дамыған жаһан елдерінің қатарында тұр. Егер аталмыш зерттеуге Беларусь, Өзбекстан және Түркіменстан секілді, бұрынғы ТМД елдерінің кірмей қалғанын ескерсек, бұл көрсеткіш біз үшін жаман емес. Жаһандық рейтинг бойынша, бұрынғы КСРО елдерінің ішінде бәсекелестікке ең қабілетті (33-орында) ел болып Эстония танылды. Одан кейін Литва (44 орын), Әзербайжан (55 орын), Латвия (64 орын), Ресей (66 орын) тіркелген. Қазақстан осылардан кейін тұр. Егер біздің еліміздің бай табиғи ресурсына қарасақ, аталған мемлекеттерден едәуір жоғары тұратындай-ақ жайымыз бар еді. Өкінішке орай, бұған елімізде кәсіпкерліктің жөнді дами алмай жатқаны кедергі келтіруде.

Айша ӨТЕБӘЛІ  
Темір ҚҰСАЙЫН  
Батыс Қазақстан облысы.